


Бекітемін ak
Әдіскер: Қапанова Ж.А

«Жас спортшы» спорттық сайыс
Ортаңғы топтар
«Ерқетай», «Қарлығаш»



Топ тәрбиешілер: Каиржанова К.Г
Жаманқұлова Ж.О
Харенова А.М
Дүйсенбекова Г.А

2021жж



Тақырыбы: «Жас спортшы» спорттық сайыс

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

Түрі: Эстафеталық ойын

Көрнекілігі: түрлі-түсті шарлар, доптар, кедергілер, жалаушалар, .

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Шынықсаң шымыр боласың,

Сауығып айдай толасың.

Спортты серік ете біл,

Жақсы азамат боласың.

Жеңімпаз болу оңай ма,

Арман болған талайға?

Болмасаң да ұқсап бақ,

Жарысқа түсіп қалайда.

II. Негізгі бөлім

Құрметті әріптестер және кішкентай көрермендер бүгінгі «Жас спортшы» спорттық сайысына қош келдіңіздер!

Көңілді жарысқа «Қарлығаш» және «Еркетай» топ бүлдіршіндері катысады.

Әр таңды бақытпенен аттырамыз

Өнерді ой көгінде бақылаңыз,

Сайысқа қатысуға енді ортаға

топ бүлдіршіндерін шақырамыз.

(әр топ өз орындарына келіп тұрады)

Ал, құрметті халайық!

Жарысты енді көріңдер

Әділ қазы алқасы

Әділ баға беріңдер!

Сайысты бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныстырайық.

1. Балабақша меңгерушісі Саурова Н.К

2. Әдіскеріміз Қапанова Ж.А

3. Орыс тілі пәні маманы Алдиярова Г.А

Жарысымызды бастамас бұрын денемізді қыздыру үшін «Қара жорға» биіне ортаға шығайық.

Спорттық сайысымыз 5 баллдық жүйемен бағаланады.

Сайыстың бағдарламасы 4 кезеңнен тұрады

1. «Эстафета»

2. «Кім шапшаң»

3. «Алтын қасық»

4. «Жүзден жүйрік»

Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар!

Сайысымызды бастаймыз.

«Қарлығаш тобы» тобын ортаға шақырамыз
Топтың ұраны: Күндей болып күлеміз!
Шуақ шашып жүреміз!

«Еркетай» тобын ортаға шақырамыз
Топтың ұраны: Бүгін жарыс бақшада,
Қуанады әр бала.

I кезең: «Эстафета»

Шарты: Әр топ қатысушылары жалаушаны алып мәреге дейін жүгіріп барып өз орынына келіп өзінен кейінгі қатысушыға жалаушаны тапсыруы қажет, қай топ бірінші мәреге жетсе сол топ жеңімпаз.

II кезең: «Кім шапшаң?»

Шарты: Балалардың жерде жатқан іздердің үстіне қатесіз өтіп келеді, келесі бала ойынды жалғастырады. Қай топ бірінші болып келсе, сол топ жеңімпаз.

III кезең: «Алтын қасық»

Шарты: Әр қатысушы қасыққа су толтырып алып, мәреге дейін жүріп барып, қайта келуі тиіс, қай топ мүшелері суды көп жинаса сол топ жеңімпаз.

V кезең: «Жүзден жүйрік»

Шарты: Машинаның үстіне отырып жарысу.

Қорытынды бөлім

Жарыс заңы ежелден-
Жеңімпазды анықтау
Жеңімпаз болу шарты сол-
Еңбектену, жалықпау
Біреу озса сайыста,
Біреу артта қалады
Жеңілгендер ренжімей
Тараса бізге жарады
демекші сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып
жеңімпаздарды марапаттауға әділқазы алқасына сөз кезегін берейік.
Уа, халқым назар аудар денсаулыққа!
Өмірде бақыттысың денің сау да.
Денсаулық терең бақыт деген сөзді
Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да демекші
Құрметті қонақтар! Келгендеріңізге көп-көп рахмет.



КМҚК «Мейірім» бөбекжай-бақшасы

«Елімнің еркіндігі-Тәуелсіздік»

атты «Қарлығаш» тобында өткізілген ертеңгілік

Өткізген: Буркитова А.К
Болатова А.А.



Қоспағыл 2020.ж

Тақырыбы: «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік!»

Мақсаты :

1. Білімділігі: Балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. Ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын ояту. Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру. Тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске түсіріп, желтоқсан құрбандарының ерлігі жайында түсіндіру.

2. Тәрбиелігі: Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын жеке тұлға екендерін ұғындыру. Қоғамның бір мүшесі ретінде адам өмірі мен жақсы тұрмыстық құндылықтарын ұғындыру, жауапкершілік сезімдерін ояту. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүюге және ерлікке баулу. Желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

3. Дамытушылығы: балалардың өткен тарихқа деген қызығушылығын ояту.

Мерекелік безендіру: Мемлекеттік рәміздердің суреттері, желтоқсан оқиғасы құрбандарының суреттері, шарлар ілу және т.б.



Көк тудың желбірегені» әні баяу жүріп тұрады

Әбілмансұр: Көтеріңкі көңіл-күй сыйлар мерекемізге қош келдіңіздер!

Аниса: «Қарлығаш» тобын қошеметтеп қарсы алыңыздар!

Ортаға еліміздің туын биікке көтеріп, «Қарлығаш» тобының тәрбиеленушілері және тәрбиешілері келеді. Көк тумен «Көк тудың желбірегені» әніне билейді.

Тәрбиеші: Елдің ұлы мейрамы,
Жаңа шыққан көктемдей,
Жаз күндей жайдары.
Арымыздай тап-таза
Жанымыздай шуақты!
Көтерілді биікке
Қазақстан байрағы.

Бұл мереке салтанатты болғандықтан еліміздің Мемлекеттік Әнұранымен ашуға рұқсат етіңіздер!

Әнұран айту. (Барлығы орындарынан тұрып жүректеріне оң қолдарын қояды)

-Балалар біздің ұлтымыз кім?

-Балалар біздің мемлекетіміз қалай аталады?

-Қазақстан қандай мемлекет ?

-Елбасымыз кім?

-Елорда бас қаламыз қай қала?

-Ал өзіміз қандай қаланың жанында тұрамыз

-Ал Қазақстанда қандай ұлт өкілдері тұрады?

Ал бүгінгі өткізіп жатқан шарамыз қандай мерекеге арналып жатыр?

Дұрыс балалар өте жақсы жауап бердіңдер. 16 желтоқсан - Қазақстанның тәуелсіздік алған күні. Ол күнді біздер ерекше қуанышпен тойлаймыз. Ал осы тәуелсіздік деген сөзді қалай түсінесіңдер? (Балалар жауаптары)

Балалар Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Тәуелсіздік мағынасы зор, тамыры терең ұғым. Оған миллиондаған адамдарын құрбандыққа шала отырып қол жеткізді.

Біздің еліміз Қ. Рысқұлбеков, Е. Сыпатаев, Л. Асанова, С. Мұхаметжанова атты аға-апаларымыздың арқасында Тәуелсіздікке қол жеткізді. Ендеше видеороликке назар аударайық.

1 минут үнсіздікпен еске алу

Балалардың мерекеге арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Кәусар:

Сарыарқаның даласында
Күн шуағын төккен күн
Елім менің, жерім менің,
Баққа қолы жеткен күн
Бостандығым тұңғыш рет
Аққанатын қаққан күн
Әже әлдилеп немересін,
Басы айналған бақтан күн

Алихан:

Жасай берсін ұлы күн,
Үміті боп елінің,
Ақ күні боп баланың,
Шаттығы боп атаның

Асылай:

Он алтыншы желтоқсан,
Тәуелсіздік алған күн
Ерекше боп мәңгілік,
Ел жадында қалған күн

Аниса:

Өнді алысқа жеткіземіз,
Көкке елдің туы ілінді
Жылда той қып өткіземіз
Тәуелсіздік ұлы күнді

Айназым:

Аласармас аспанымда

Күнмен гүлдеп ел өседі

Қазақстан аспанында

Бостандықтың желі еседі

Хор: «Тәуелсіздік-ел ұраны!»

Балалар Отан, туған жер туралы мақал-мәтел білеміз бе?

Абылмансур:

Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ел болмас

Нұрбақыт:

Отан-отбасынан басталады

Жарайсыңдар балалар!

-Енді балаларымыздың мерекеге дайындаған биіне кезек берейік.

Би:

Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің Мемлекеттік

Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз.

Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жақсы оқып, үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жеріңді көркейтіп, Қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылышысы, тірегі сендер болмақсыңдар.

Тәрбиеші сөзі:

-Енді бір ойын ойнап жіберейік.

Ойын: «Шаңырақты көтеру»

Туған халқымыздың тарихын, батыр ұл-қыздарымыздың ерлігін, жеріміздің байтақтығын, байлығын ақын ағаларымыз жырлап келеді. Сол жырларды жаттап, көкейге түйіп, елімізге лайықты азамат болып өсуге міндеттіміз, басқаша болуға біздің құқығымыз жоқ, бүгінгі бақытты күніміз үшін қаншама ерлер тер төкті, жанын қиды. Сол батырларымыздың армандаған ұрпағы біздің білімді, дені сау Отанымыздың лайықты ұл-қызы болып өсуі қажет. Ана - ағаларымыздың қайталанбас ерлігіне тағзым етеміз.

Осымен құрметті қонақтар «Елімнің еркіндігі –Тәуелсіздік» атты ертеңгілігіміз аяқталды.

Назарларыңызға рахмет!



БЕКІТЕМІН: 
КМҚК «Мейірім» бобекжай-бақшасының
Әдіскері: Алдиярова.Г



«Жыл басы – Наурыз!»
22- наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік.
Ортаңғы «Зерек» тобы

Тәрбиешілер; Таубаева.А
Қапанова.Ж

2021ж

Жыл басы -Наурыз!

Максаты: Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру
Балаларды елін, Отанын сүюге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге
тәрбиелеу; Иmandылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін
қалыптастыру.

Мейрам өтетін жер салт –дәстүрге байланысты
жабдыкталады.Балалар ұлттық киімдерімен келеді. Киіз үй
керегесінен сахна жасалынады.
Залда әсем әуен ойнап тұрады.

Жүргізуші: Жер әлемді жайнатып, әнші құстар сайратып, наурыз
тойын тойлатып, Ұлыстың ұлы күні келді ағайын. Той құтты болсын!
Ақ мол болсын! Армысыздар құрметті қонақтар.

Ұлыс күні кәрі – жас
Құшақтасып көріскен
Жаңа ағатқан қозыдай
Жамырасып өріскен
Ұлыс күні қар еріп
Сай салалар гүрілдеп
Көк шөбі шығып желкілдеп
Дүние біткен күлімдеп
Ұлыс күні кәрі жас
Құшақтасып көріскен

Ортаға екі бала шығады.

1-Олжас : Ассалаумағалейкум
Ұлыс оң болсын
Ақ мол болсын!

2-Еркебұлан: Уағалейкумссалам
Ұлыс оң болсын
Пәле – жала жерге енсін!
Екі бала төс қағыстырып аман – саулық сұрасады.

Жүргізуші:

Ұлыс күндеріңіз құтты болсын!
Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.
Халқы сүйген мейрамды
Қарсы алайық Наурызды!

(Әжесі мен Наурыз қыз ортаға келеді. Әжесі шашу шашады)

Әже:

Наурызым , құт әкелсін елімізге
Береке, ырыс кірсін жерімізге
«Тышқанды» қуанышпен шығарып сап
Бақыт боп «Сиыр » кірсін елімізге

Наурыз қыз: Адина

Жасай бер жаңа күн!
Туа берсін жаңа күн
Дүр сілкінсін дала бір
Құтты болсын жаңа жыл!!
Құтты болсын Наурыз – той,
Құтты болсын Жаңа жыл!

(Балалар Наурызға байланысты жаттаған тақпақтарын айтады)

Гаухар: Қош келіпсің Наурыз!
Арман тойы халықтың.
Қуанышы халықтың,
Құтты болсын қадамың!

Назым: Наурыз тойы-береке,
Наурыз тойы-жыр аңыз.

Аяна: Уа, ағайын халайық,
Мұнда назар салайық!
Мерекесі халықтың
Наурыз тойы бастайық

Ә Әли: Ұлы күні кәрі- жас,
Құшақтасып көріскен.
Жаңа ағытқан козыдай,
Жамырасып өсірген.
Наурыз той құтты болсын

Ұлдар биі: «Батырлар биі»

Батырхан:

Наурыз келді еліме,
Наурыз келді жеріме.
Байлық, бақыт тілеймін,
Бүкіл қазақ еліне.

Ж.Али: Бүгін күн мен түн теңелді,
Жер шуаққа көгереді,

Ибраһим: Соны тойлап ел енді.
Қуанышка кенеледі

Дархан: Наурыз той салтымыз,
Көгерсін деп халқымыз

Амира: Наурыз келді еліме,
Наурыз келді жеріме.

Нариман: Байлық, бақыт тілеймін,
Бүкіл қазақ еліне.

Амир: Жылдың басы Наурыз,
Жердің басы Наурыз.

Қыздар биі: «Бипыт»

Ұлттық ойын: «Күш сынасу».

Жүргізуші: Наурыз құтты болсын!
Дендеріміз сау, мықты болсын!
Наурыз тойы келе берсін!
Барлық халық бақытты болсын,
Қош ,сау болыңыздар, халайық!
Көріскенші күн жарық болсын!

Ән. «Наурыз»

Барлықтарыңызды Наурыз дастарханына шақырамыз.
Көжеден дәм татыңыздар.






Бекітемін: дегіз

«Төрлет, Наурыз төріме!»

Бірінші кіші «Бүлдішін» тобы



Тәрбиешілер: Каиржанова К.Г
Дүйсенбекова Г.А

2021жыл

«Төрлет, Наурыз төріме!»

Мақсаты: Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру; Балаларды елін, Отанын сүйуге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу; Иmandылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру. Сценарий көрнекілігі: газеттер, нақыл сөздер, киіз үй керегесі, ұлттық бұйымдар. Балалар безендірілген залға кіреді.

Жүрісізуші: Ұлыс күні құтты болсын!

Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.
Халқы сүйген мейрамды,
Қарсы алайық Наурызды!
Наурыз тойын жұп жазбай,
Қошеметпен қарсы алып
Досқа құшақ ашайық,
Өлең жырға басайық,
Қазақтың бір салты деп
Тойға шашу шашайық!
(Әже шашу шашады).

Әже: Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Қайда барсан жол болсын

Ұлыс береке берсін

Бәле-жала жерге енсін

Ұлы халқым тең болсын

Қуаныш көп болсын!

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар, Наурыз мейрамына арналған ертеңгілікке қош келдіңіздер!

Қыздардың орындауында «Домбыра» биі.

Жүрісізуші: Балалар, Наурыз мерекесіне арналған тақпақтарымызды айтып берейік!

Аяна: Уа, халайық, халайық.

Әсем әнге салайық.

Наурыз тойын көңілді,

Бірге қарсы алайық.

Әміржан: Көктем келді балақай,

Жасарды жералақай.

Айжұлдыз: Жылдың басы Наурыз

Жердің басы Наурыз

Мерекеге арналсын

Бүгінгі жыр-әніміз.

Бекарыс: Наурыз жауын, наурыз сән,

Әсем әуен, сазды ән.

Дария: Наурыз келді алақай,

Кел билейік балақай

Ән: «»



Жүршізуші: Наурыз мерекесі ұлттық мерекеміз болғандықтан өз ұлтымыздың салт-дәстүрін айтпай кетпеске болмайды. Сіздерге «Тұсау кесу» рәсімін назарларыңызға ұсынамыз. Тұсау кесу бала тәй- тәй басқанда жасалатын думанды дәстүр. «Тұсауы кесілмеген бала» көп сүрінеді дейді. Тұсау кесу рәсімі ұлға да, қыз балаға да жасалады. Тұсауды ала жіппен кеседі, ол біреудің «ала жібін аттамасын» деген ниет білдіреді. Жүйрік бол, шауып кет т.б. тілектерді айта отырып, баланың аяғына байланған тұсауын кесіп жібереді.

Жүршізуші: Тақпақтарға кезек берейік.

Жанарыс: Наурыз келді еліме,
Наурыз келді жеріме

Мадияр: Жылдың басы Наурыз
Жердің басы Наурыз
Мерекеге арналсын
Бүгінгі жыр-әніміз.

Ибраһим: Наурыз шаттық әніміз,
Салтанатты сәніміз
Ән саламыз бәріміз.

Козайым: Наурыз келді құт болып,
Мына бізге сүт болып.


Аян: Той думанға келіңіз,
Тамашалап көріңіз

Жүршізуші: Балалар, сендер қандай ұлттық ойындарды білесіндер? (балалардың жауаптары) олай болса сендерді «Асық ату» ойынына шақырамын.

Ойын: «Асық ату».


Би: «Қара жорға».


Жүршізуші: Осыменен Наурыз мерекесіне арналған ертенгілік аяқталды.



Әдіскер: Г.Алдиярова







Бекітемін: 

«Мейірім» бөбекжай бақшасы

Әдіскер: Алдиярова.Г.А

Тақырыбы: «Біз болашақ жас ұлан»

Ересек «Жұлдыз» тобы

Өткізген: Ересек топ тәрбиешілері.

2020-2021 жыл

Біз болашақ жас ұлан

Тақырыбы: « Біз болашақ жас ұлан» (спорттық шара)

Мақсаты: Балаларды салауатты өмір сүре білуге шақыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, Эстафеталық ойынға қызығушылықтарын арттыру.

II. Тәрбиелік мәні: Балаларды жаман әдеттен аулақ болуға, достық пен ынтымақшылдыққа, инабаттылыққа, елжандылыққа баулу.

III. Дамытушылық міндет: Күш, жылдамдық, ептілік қасиеттерін дамыту.

Қажетті құрал жабдықтар: жалаушалар, төсеніш, дорбадағы картоп, доп, арқан, тұсау жіптер, ысқырық.

Жүру барысы:

Құрметті ұстаздар және оқушылар! Сіздерді «Біз болашақ жас ұлан» атты спорттық шарамызға шақырамыз.

Еңкейген кәріден бесіктегі балаға дейін салауатты өмір сүруге талаптанып, соған қозғам да, мектеп те жағдай жасап, денсаулықты сақтауға нығайтуға ат салысуымыз қажет. Ол үшін күнделікті таңертеңгілік жаттығулар жасауды, жүгіруді әдетке айналдыруымыз керек, сонда ғана егеменді еліміздің мықты азаматы болып өсеміз. Көп адамдар денсаулығына мән бермейді – «Қолда бар алтынның қадірі жоқ, қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай» демекші, салауатты өмір салты туралы біліммен қарулануымыз қажет.

Жүргізуші: Ал, құрметті халайық!

Жарысты енді көріңдер.

Әділ қазы алқасы,

Әділ баға беріңдер!

Жарысты бастамас бұрын ойынға әділ бағасын беретін әділ қазылар алқасымен таныстыра кетейін.

Бөбекжай меңгерушісі: Саурова.Н.К

Әдіскер : Алдиярова.Г.А

Психолог:Орынғалиова.О.А

Жүргізуші: Жарыс заңы ежелден,

Жеңімпазды анықтау.

Жеңімпаз болу шарты сол

Еңбектену жалықпау.

Біреуі озса сайыста

Біреуі артта қалады.

Жеңілгендер ренжімей,

Тараса бізге жарады.

Сабырлы да, салмақты

Білімді де, өнерлі

Білікті де жүректі.
«Сіздерге жеңіс тілейік», – дей отырып ортаға екі топты шақырамыз.
Қарсы алыңыздар!

I топ «Қайсар»

II топ «Болашақ»

а) Таныстыру рәсімі топ ұрандары айтылады.

«Қайсар»

Біз бақытты баламыз
Әкемізбен анамыз,
Жеңілмейміз озамыз.
«Қайсар тобы боламыз!»/Ақ/

Болашақ тобы

Ұшақтанда ұшқырмыз
Желден озған жүйрікпіз
Жарысуға сендермен
Келіп тұрған мықтымыз! /Көк/

Құрметті ұстаздар және оқушылар! Топтармен таныстық, қазылар алқасын сайладық. Енді құрметті сайыскерлер, сіздерге сәт-сапар!

I тур: «Допты шеңберге лақтыру»

Шарты: Әр команда 2м ара қашықтықта ортада орналасқан шеңбердің ішіне допты лақтырулары керек.

2. «Қапшықпен секіру»

Қапшықты киіп қос аяқпен секіріп қайту. Жеңіске эстафетаны жылдам аяқтаған топ жетеді.

3. «Велосепед тебу сайысы»

Ойыншылар велосепедке мініп тіке белгіленген сызыққа дейін айдап кері қайту. Келесі ойыншыға эстафетаны береді. Тапсырманы 1-ші орындаған топ жеңіске жетеді.

4 тур. «Шеңбер ішінде тіресу»

Шеңбер сызылады, ішінде екі топтан бір-бір баладан, бір аяқпен екі қолды артқа ұстап тұрады. Белгі берілген соң екі бала шеңбер ішінде тіреседі, шеңберден шығып қалған топ баласы жеңіледі, шеңбер ішінде қалған топ баласы жеңіске жетеді.

5. тур:Кедергілерден өту.

Кедергілерден жыланша өтіп,кері қайтамыз.Келесі ойыншыға қол береді.Осылайша жалғасып,кім бірінші келсе сол жеңіске жетеді.

6тур. «Арқан тарту»

Белгі бойынша әрбір топ арқанды өз жағына қарай тартады. 3 рет тартысқаннан кейін 2 рет өз жағына арқанды тартып шығарған топ жеңімпаз болып танылады.

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар, оқушылар! Сөз кезегі әділқазылар алқасында. Әділқазылар сайыстың шарты бойынша қорытынды шығарып, жеңімпазды атайды.

Жүргізуші: Міне біздің сайысымыз аяқталып келеді. Топ оқушылары өздерінің күштерін, ептілік пен жылдамдықтарын көрсете білді. «Біз болашақ – жас ұлан денсаулығы» шарасын қорытындылайтын кез жетті.

Уа, халқым назар аудар денсаулыққа!

Өмірде бақыттысың денің сауда.

Денсаулық терең бақыт деген сөзді,

Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да.

Құрметті ұстаздар және оқушылар! Келгендеріңізге көп-көп рахмет, сау-саламат болыңыздар!



Бекітемін: А.А.А.

КМҚК «Мейірім» бөбекжай-бақша

әдіскері Алдиярова Г.А

*Ересек «Жұлдыз» тобының
«Қош бол, балабақша» қоштасу кеші*



Топ тәрбиешілері: Алмуратова Б.Қ

Тулеушова Қ.С

2020-2021ж

Зал іші мерекеге сай безендірілген.

Жүргізуші:

Құрметті ата-аналар және қонақтар! Бүгін біз тәрбиелеген бүлдіршіндерімізді ұямыздан ұшырып, 1-ші сыныпқа шығарып салғалы отырмыз. Көз алдымыздағы тәп-тәтті, сүйкімді балақайларымыз балабақшамен қоштасқалы отыр. Кеше ғана балабақша табалдырығын имене аттаған жас бүлдіршін бүгін саналы оқушы болып 1-ші сыныпқа қадам басқалы тұр. Білім кемесіне мініп, ілім іздеп алға қарай ұмтылу әр азаматтың борышы. Қазір осы уақытқа дейін бүлдіршіндеріміздің алған білімдерін көрсетіп, өнерлерімізді ортаға саламыз. Олай болса, мектеп табалдырығын аттағалы тұрған «Мейірім» бөбекжай бақшасының «Жұлдыз» ересек тобының өнерлі де білімді, ақылды да саналы, инабатты ұл қыздарын қошеметпен қарсы алыңыздар! (жәй әуен)

Жүргізуші:

Айналайын балалар!

Сендерде ой сана бар.

Өздеріңнен өседі,

Өнершілдер даналар,

Өсті міне бойларын

Өсті міне ойларын

Қуанышқа ортақпын

Құтты болсын тойларың!

Аяна:

Бала шаққа болашақты жырлатып,

Шәкірттерге ой түзеткен сымбатты

Күн нұрындай сәуле құйған көңілге

Армысыздар ұстаздарым кымбатты!

Жарқын:

Ел ардақтар ғұламаның есімін

Біз тербеттік даналықтың бесігін

«Мейірім» атты балабақшаның

Салтанат пен ашқан едік есігін

Көз салып қараңызшы бойымызға

Ортақ болып бүгінгі ойымызға

Қош келіпсіз ұстаздар, ата-аналар!

Балабақшамен қоштасу тойымызға.

Оразалы:

Қадірменді қонақтар армысыздар,
Бәріңізде есен сау бармысыздар,
Таусылмастай ағытып ой арманын
Ал достарым, ақ жол тілеп, сөз бастадым.

Айша:

Ақ тілекті ағытып бір тастайық
Қоштасатын кешімізді бастайық
Жүздеріңнен көрем шаттық арайын
Болсын солай әрбір күнің, әр айың.

Дамир:

Сен үйреттің сөйлеуді
Сенде ойым есейді
Мектепке барам мен енді
Балабақшам қош енді.

Жүргізуші:

Ей бүлдіршін, бүлдіршін
Өмір бізді күлдірсін
Тойға келген мына жұрт

Ән мен жырға бір тойсын-деп балаларымыздың орындауындағы «Әліппе» әнін қабыл алыңыздар.

Ән: «Әліппе»

Музыка әуенімен Маша, оған еріп Аю келеді.

Маша:

- Оуууу !Қайырлы таң! Мұнда не болып жатыр? Неге барлығың әдемі болып кеткенсіңдер?

Жүргізуші:

- Қош келдің Маша және Аю. Танысып қойындар, бұлар- балабақша түлектері. Келесі күзде бұл балалар мектепке барады.

Маша:

Қойындаршы, мыналар ма? Балабақша түлектері дейсің бе? Мхммм түсінікті, ендеше оларға біраз нәрсені үйретіп, мен сияқты ақылды тәртіпті балалар өздерін сабақта қалай ұстау керектігін үйретуіміз керек. Бұл нәрселерді тек мен үйрете аламын. Мен өте керемет мұғаліммін. Менің үлкен указкам қайда?(Аю оған үлкен указкасын әкеліп береді.) Отыр Миша, мен қазір сендерге қалай әдемілеп такпақ айтуды үйретемін.

Бейбарыс:

Тәрбие берген ұямыз,

Тәртіпті бала боламыз

Қоштасып бала бақшамен

Біз мектепке барамыз.

Әсетұлы Ибрахим:

Қуантып, әрі қинайды,

Бақшамнан алыс кеткенім.

Қажет қой бірақ білімнің,

Тенізінен өткенім

Тәрбие берген ұямыз

Тәртіпті бала боламыз.

Қоштасып бала бақшамен,

Біріншіге барамыз.

Нұрым:

Балабақша балабақша

Шаңырағы шаттықтың

Балабақша қорғанышы

Сәби балғын жастықтың

Дияр:

Ботаканым бөбек деп,

Еркелеткен ұл қызын.

Анамызды ерекше,

Қуантатын күн бүгін.

Маша: Жарайсыңдар балалар! Жаттауды жақсы айттыңдар! Енді басымызды жақсылап істетіп, ойланатын уақыт келді. Ендеше математика сабағын бастаймыз!

Мен енді балаларға түрлі есептер берейін.

Пішіндер мен санау.

Кілең бестік аламыз.

Асыланбек:

Өсті міне бойымыз

Өсті міне ойымыз

Қуанышка ортақпыз

Құтты болсын тойымыз.

Нұрیمان:

Біз сабақты бастаймыз,

Қайталаудан аспаймыз

Есептен де кашпаймыз

Жазуды енді бастаймыз

Мектепке енді барамыз

Оқимыз, сауық құрамыз

Қашық емес арамыз

Бақшаға келіп тұрамыз.

Ән: «Қош балбұлақ, бақшамыз!»

- Ұстаздардың ұстазы (Аяулым)
Тәрбиенің ұстасы
Меңгеруші апайға
Ырза әке шепеле
Бізде мұнда әрдайым
Бәрі бәрі дап-дайын
Қамымызды ойлаған
Насипа Қоңырбайқызына мың алғыс!
- Талай талай баспалдақты аттармыз (Әмина С)
Ата-ананың үмітін де актармыз
Батима Қожағалиқызы, Қалжан Серікқызы сіздерден алған ақылды
Есімізде өмір бойы сақтармыз.
- Денсаулыққа болаттай (Исмайл)
Ауруларды жолатпай
Күнде болған әбдігер
Қамқоршымыз дәрігер
Таңшолпан Жалғасқызына мың алғыс!
- Тәтті тамақ пісіретін (Абдулла)
Айран сүтін ішкізетін
Аспазшылар сіздерге
Айтамыз біз мың алғыс!
- Мектепке енді барамыз, (Мухаммад)

Ортаға Әліппе шығады.

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерді мектепке барайын деп жатыр дегенді естіп білімдерінді тексеруге келдім. Менің сұрақтарыма жауап беруге дайынсыңдар ма?

- **Қазақ әліпбиінде неше әріп бар? 42 әріп**
- **Ал орыс әліпбиі мен ағылшын әліпбиінде неше әріп бар екенін білесіңдерме? Орыс -33әріп, ағылшын-26әріп**

Жалқаубек жүгіріп келеді.

Жалқаубек:

- **Мұнда не болып жатыр? Барлығың не істеп жүрсіңдер мұнда?**

Жүргізуші:

- **Бізде балабақшамен қоштасу кеші болып жатыр, біздің балалар мектепке барғалы жатыр, Жалқаубек.**

Жалқаубек:

- **Немене? Мектепке? Онда түк те қызық емес . Балалар одан да ойын ойнайықшы,мен жалғыз өзімнің ішім пысып сендерді іздеп келдім. Міне менде көп ойыншық бар келіндер ойнайық.**

Жүргізуші:

- **Жоқ, Жалқаубек . біздің балалар мектепке барып білім алып үлкен ақылды тәртіпті бала болып өседі. Ал ойыншықтырын ортаңғы топтың бүлдіршіндеріне сыйлайды. Сен де солай істе. Қазір ортаға «Жұлдыздың» ізбасарлары ортаңғы топтың бүлдіршіндерін қошеметпен шақырамыз. Олар өнерін көрсетеді, ал Жалқаубек ойыншықтырын сыйға тартады.**

Ортаңғы топ балалары би билейді.

Би : «Корей» халқының биі

Жалқаубек:

- **Балалары өнерлі екен, ал ата-аналары ше? Мен ата аналармен бір ойын ойнағым келіп тұр. Ойын «Аялы алақан» деп аталады. Аналардың сезімталдығына тәжірибе жасап көрейік.**

Бақытжан Амина:

Балабақша базарлы үй

Көшедегі ажарлы үй.

Шаттығы бар шуақта

Өз үйіміз сияқты.

Үлгілі оқушы боламыз,

Жақсы оқып сабақты.

Үлгілі оқушы боламыз

Жақсы оқып сабақты

Кілең бестік аламыз

Орыс, тілін үйреткен

Гаухар Алдиярқызына мың алғыс!

- Тамылжытып ән салдырып үйреткен (Нұрали)
Мың бұралта белімізді билеткен
Шолпан Бақтыбайқызы сізге де рахмет айтамыз
Мың қайтара сәби бала жүректен

Би: «Қоштасу вальсі»

Ендігі сөз кезегін бүлдіршіндерге сәтті сапар тілеп, мадақтау үшін бала бақша менгерушісі Насипа Қоңырбайқызына беріледі:

Балаларды мадақтап, сыйлық таратылады.


Жүргізуші:

Құрметті ата-аналар бүгінгі мереке тағыда құтты болсын. Балапандарымызға ақ жол . Қадамдары нық, сөздері анық, ел тізгінін ұстайтын есті азаматтар мен азаматшалар қатарынан болуына тілектеспіз. Ендігі кезекті жыл бойы бізбен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап, бізбен бірге болғандарыңыз үшін баршанызға алғыс білдіре отырып, ата-аналарға арнаған мадақтамалар мен номинацияларды табыстауға кезек береміз.

(ата-аналарға алғыс хат пен «Көшбасшы әже», «Талапшыл ана», «Ең таза ана», «Мотиватор ана», «Талапшыл ана» атты номинациялар табысталды)

Қош сау болыңыздар!






Ясли сад «Мейірім

Внеклассное мероприятие
Конкурс чтецов в детском саду

Провела педагог русского языка,

Алдиярова Г.А.



Сценарий конкурса чтецов в детском саду

Цель: повышение речевой активности детей, повышение уровня выразительности чтения стихов.

Задачи: Воспитать умение рассказывать и слушать стихи, которые читают другие дети; развивать навыки эмоционального отклика на стихи; продолжать учить рассказывать стихи эмоционально, громко, с выражением; вызывать у детей радостный, эмоциональный настрой.

Ход мероприятия:

Учитель:

Тихо-тихо рядом сядем
Входит лирика в наш дом,
В удивительном наряде
Разноцветном, расписном,
И раздвинутся вдруг стены
Вся земля видна вокруг,
Плещут волны речкой пенной
Чутко дремлют лес и луг,
Вдоль бегут степные тропки
Тают в дымке голубой
Эта лирика торопит,
И ведет нас за собой.

Добрый день, дорогие ребята и уважаемые гости! Мы рады видеть вас в нашем зале. Сегодня необычный день. Сегодня мы проводим конкурс чтецов. Мы собрались, чтобы порадовать друг друга умением красиво, громко, четко рассказывать стихи и, возможно, среди нас найдутся те, кто делает это особенно хорошо.

Ни один конкурс не обходится без жюри, поэтому разрешите представить мне наше жюри:

Заведующая нашим детским садом : Саурова Н..

Методист: Акмырзиева Т.Т

Музыкант: Умирбекова Р.У

Разрешите представить наших конкурсантов:

Кисенбаева Аяна Дагистановна- первая младшая группа «Саби»

Сабыр Аянұр Жұмабекқызы – первая младшая группа «Саби»

Жексенгали Абылай Айтуарұлы 2 младшая группа «Еркетай»

Думанқызы Жания – 2 мл группа «Еркетай»

Алдиярова Бегімсұлу 2 мл гр. «Еркетай»

Мұхамбетқали Эсманұр Жәнібекқызы

Максұт Хадиджа 2 мл группа «Бүлдіршін»

Есенгали Гүлім Нұрлыбекқызы 2 мл группа «Бүлдіршін»

Камидолла Айзере Қамбарқызы 2 мл группа «Бүлдіршін»

Сәрсембі Бимырза Қуанышұлы средняя группа «Карлыгаш»

Наурызбай Айлана Болатқызы средняя группа «Карлыгаш»

Марат Оралхан Шыңғысханұлы средняя группа «Зерек»

Бауыржанқызы Акпейіл средняя группа «Зерек»

Жасталапқызы Анель старшая группа «Жұлдыз»

Аманғалиева Асемай Айсабековна старшая группа «Жұлдыз»

Бактияр Ерасыл Ерланұлы старшая группа «Жұлдыз»

Еркінқызы Акторғын старшая группа «Жұлдыз»

Жасұланқызы Жанель

Открывает наш сегодняшний конкурс чтецов Кисенбаева Аяна Дагистановна (первая младшая группа «Саби»), которая прочитает стихотворение «Птичка»

Птичка

Села птичка на окошко,

Посиди у нас немножко.

Подожди, не улетай!

Улетела... ай!

Продолжит нашу конкурсную программу Сабыр Аянұр Жұмабекқызы – первая младшая группа «Саби» Стихотворение Агнии Барто « Ути-ути...».

Агния Львовна Барто детская поэтесса и писательница. Родилась 17 февраля 1906 года в Москве. С самого раннего детства нам хорошо известны ее стихи. Например: «Мишка», «Бычок», «Зайка»

Мұхамбетқали Эсманұр Жәнібекқызы прочтет нам стихотворение Барто «Зайка»

Зайка

Зайку бросила хозяйка -

Под дождем остался зайка.

Со скамейки слезть не мог,

Весь до ниточки промок.

Стихотворение «Мячик» прочтет нам Есенғали Гүлім Нұрлыбекқызы

Мячик

Наша Таня громко плачет:

Уронила в речку мячик.

- Тише, Танечка, не плачь:

Не утонет в речке мяч.

Пускать кораблик и в ручьях – одно из любимых занятий детства. Раскраска к стихотворению А.Барто «Кораблик» расскажет всем детям о том, что есть такая веселая забава – пускать по воле игрушечные корабли и представлять себя настоящим капитаном дальнего плавания.

Стихотворение «Кораблик» прочтет нам Бактияр Ерасыл Ерланұлы старшая группа «Жұлдыз».

Кораблик

Матросская шапка,

Веревка в руке,

Тяну я кораблик

По быстрой реке,

И скачут лягушки


За мной по пятам

И просят меня:

- Прокати, капитан!

Стихотворение «Мишка» прочтет нам Жексенғали Абылай Айтуарұлы

Мишка



Уронили мишку на пол,

Оторвали мишке лапу.

Все равно его не брошу -

Потому что он хороший.

А сейчас давайте сделаем разминку. «Если весело живется делай так»

Стихотворение Агнии Барто Гуси-лебеди прочтет нам Жасталапқызы Анель старшая группа «Жұлдыз»

Мальши среди двора

Хоровод водили.

В гуси-лебеди игра,

Серый волк — Василий.

— Гуси-лебеди, домой!

Серый волк под горой!

Волк на них и не глядит,

Волк на лавочке сидит.

От такого волка

Никакого толка!

Стихотворение «Вот так защитник!» (Агния Барто) прочтает нам Бауыржанқызы Ақпейіл средняя группа «Зерек»

Я свою сестренку Лиду

Никому не дам в обиду!

Я живу с ней очень дружно,

Очень я ее люблю.

А когда мне будет нужно,

Я и сам ее побью.

Зима – это время веселых каникул, забав, развлечений и игр. Об этом нам расскажет Аманғалиева Асемай Айсабековна старшая группа «Жұлдыз», которая приготовила стихотворение «Это снег!».

ЭТО СНЕГ!

Г. Сапгир асемай



Рано-рано

Выпал снег.

Удивился человек:

“Это снег?

Не может быть!

На дворе?

Не может быть!

На траве?

Не может быть!

В октябре?

Не может быть!

Неужели это снег?!” -

Не поверил человек.

Мама-это святое и главное, самое сокровенное. Мама дарит нам жизнь, мама защищает и оберегает. Стихотворение о маме прочитает нам Максұт Хадиджа и Камидолла Айзере Қамбарқызы 2 мл группа «Бүлдіршін»

Моя мама

В. Руссу

Много мам на белом свете,

Всей душой их любят дети,

Только мама есть одна,

Всех дороже мне она.

Кто она? Отвечу я:

Это мамочка моя.

Мама

Е. Сафронова

Кто на свете всех милей?

И кто в мире краше?

Самый лучший друг детей —

Это мама наша!

Стихотворение «ГДЕ МОЙ ПАЛЬЧИК?» прочтет нам Сәрсембі Бимырза
Куанышұлы средняя группа «Карлыгаш»

Н. Саковская

Маша варежку надела:

- Ой, куда я пальчик дела?!

Нету пальчика, пропал,

В свой домишко не попал.

Маша варежку сняла:

- Поглядите-ка, нашла!

Ищешь, ищешь — и найдешь.

Здравствуй, пальчик! Как живешь?

А мы продолжаем конкурсную программу и я предлагаю вам послушать
стихотворение «Морковка» в исполнении Думанкызы Жанин— 2 мл группа
«Еркетай»

Морковка

В огороде шум-шум-шум,

Зайка-зайка: хрум-хрум-хрум,

Прыг-прыг-прыг по пням, по пням,

Съел морковку - ням-ням-ням

Стихотворение А.Барто про жука прочтает нам Алдияр Бегімсулу из группы
«Еркетай»


Я нашла себе жука

На большой ромашке

Не могу держать в руках

Пусть лежит в кармашке.

Небольшое стихотворение о своем козленке выучил и расскажет нам Марат
Оралхан (средняя группа «Зерек»).



Козлёнок

У меня живет козленок,
Я сама его пасу.
Я козленка в сад зеленый
Рано утром отнесу.
Он заблудится в саду -
Я в траве его найду.

Завершает нашу конкурсную программу Еркінкызы Акторғын старшая группа «Жұлдыз». Она прочтет нам стихотворение А. Барто «Помощница»

Помощница

У Танюши дел немало,
У Танюши много дел:
Утром брату помогала,—
Он с утра конфеты ел.
Вот у Тани сколько дел:
Таня ела, чай пила,
Села, с мамой посидела,
Встала, к бабушке пошла.
Перед сном сказала маме:
— Вы меня разденьте сами,
Я устала, не могу,
Я вам завтра помогу.

Учитель: Молодец, Акторғын. Этим замечательным выступлением мы завершаем наш конкурс чтецов и нам пора подводить итоги. Передаю слово жюри. (Слово предоставляется членам жюри).

Спасибо вам, ребята, за замечательные стихи, я вижу, как вы любите и умеете красиво их читать. Готовьте стихотворения к празднику 8 марта. До новых встреч!

(Вручение дипломов, награждение участников конкурса).



*«Аяулы асыл жандар»
атты аналармен сайыс*

Жауапты:

әдіскер Алдиярова Г.А

2021 жыл

«Еркетай, Жұлдыз, Қарлығаш, Зерек" ортаңғы және ересек топ аналармен өткізілген «Аяулы – асыл жандар» атты сайысы.

Мақсаты:

Ата-ана мен бөбекжай арасындағы байланысты нығайту. Балаларды аналарды құрметтеуге тәрбиелеу. Бүлдіршіндердің бойына адамгершілік, мейірімділік қасиеттерін сіңіру.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата-аналар! Көктеммен бірге келетін аналар, наурыз мерекесіне қош келдіңіздер.

Ана - барлық өмірдің бастауы. Ол адамды өмірге әкеледі, оны тәрбиелейді, өсіреді. Адам бойындағы барлық асыл қасиет күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен дариды. Ана - ұлы адам, Ана - құдіретті жан, ендеше бүгінгі сайысымызға қош келдіңіздер , наурыз мерекеміз құтты болсын, Аяулы аналар!!!

Ана десем-алғыс алам халқымнан,

Ана десем-теңіз болам шалқыған.

Ана десем-ашылады қабағым,

Ана десем- әділдікті ұғамын.

Біз ғана емес қадір тұтқан бабалар,

Аналардан туған кейбір даналар,

Ана деген – тіршіліктің тірегі,

Армысыздар қасиетті аналар! - деп, бүгінгі «Аяулы – асыл жандар!» атты аналар сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,

Сәбиінді әлдилеумен түн қаттың.

Ақ сүтіңмен ауызданып есейдім,

кең құшағың аясындай гүл бақтың, - деп келе, сайысқа қатысатын аналарымызды ортаға шақырайық:

Ересек «Жұлдыз» тобының тәрбиеленушісі Оразалының анасы - Харенова Айдана Мұстафинқызы
Айшабибінің анасы –Байболатова Бекдана Жұмабекқызы.

Ортаңғы Қарлығаш тобының Нұрәділдің анасы Айнұр Таңатқызы,
Тобылғының анасы Аманова Іңкар Аманқызы.

Ортаңғы «Зерек» тобының тәрбиеленушісі Фаризаның анасы Қасимова Жансая Алламбергеновна.

Ортаңғы «Еркетай» тобының тәрбиеленушісі Айнамкөздің анасы Қалиева Айнұр Рүстемқызы.

Ендігі ортаға бақшамыздың «Еркетай»тобының тәрбиеленушілерінің Асылжан мен Айнамкөздің орындауында «Анашым ана жаным» атты әнін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші: Сайыстың аты сайыс болғандықтан, бүгінгі біздің аяулы аналарымыздың әділ бағасын беретін әділ қазылар алқасымен таныстырып өтейін.

Бөбекжай- бақшасының меңгерушісі: Саурова Насипа Конирбаевна,
әдіскер: Гаухар Алдиярқызы, психолог Айнұр Игілікқызы

Сайыс шарттары:

1. «Өзім туралы мәлімет» таныстыру
2. «Өнерлі өрге жүзер» өнерін көрсету
3. Салт-дәстүрден сұрақ-жауап
4. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрін көрсету
5. Дәм-думан (Ұлттық тағам)

1-бөлім . Таныстыру:

Таныстырар өздерін,
Ортаға салып өнерін.
Білейік бізде бәріміз
Анамыздың ата –тегін, - деп таныстыру бөлімінен бастаймыз бүгінгі мерекелік сайысымызды.

Аналар өздерін таныстырып өтеді.

2 – бөлім . «Өнерлі өрге жүзер» өнерін көрсету

Өнеріміз көп біздің ,

Өнегелі, өрнекті,

Ортаға салдық ағайын

Өнерді құрметтеген.

Ендігі кезекті «Өнерлі аналар» бөліміне береміз.

3-ші кезең «Ата мұраң-асыл қазынаң» қазақтың салт-дәстүрлері байланысты сұрақтар қойылады.

1. «Жасау», «Енші» салт дәстүрі, айырмашылығы.

2. Қазақтың ұлттық ойындарын атаңыз.

3. Ерулік дегеніміз не? (Басқа жерден көшіп келген көршілерге сол жерде бұрыннан тұратындар ерулік береді, яғни қонаққа шақырады.)

4. Сүт ақы

("Қыз ұзату" салты кезінде құдалар тарапынан әкелінетін ең басты, жолы бөлек кәде сыйды "сүт ақы" дейді. Оны "ана сүті" деп те атайды. Яғни, келген құдалар қыздың анасына "сүт ақысын" төлейді. Әлдилеп ақ сүтін беріп өсіргені үшін қыздың анасына кәде беріп, батасын алады. Бұрынғы заманда ол бір түйе немесе ат болған. Дегенмен Қазақстанның әр аймағы бұл дәстүрді өзінше өткізеді.)

5. "Байғазы деген қандай дәстүр?"«Байғазы» деп балалардың, жастардың жаңа киімі, заты үшін ақшалай, заттай берілетін сыйды айтады.

6. Сыбаға дегеніміз не? Сыбаға (дәстүр). Құрметті қонаққа немесе өздерінің жақын-туыстарына арнап сақтаған кәделі ет мүшелері «Сыбаға» деп аталады.

7. Өлі тірі дегенді қалай түсінесіз?

«Өлі тірі» (дәстүр). Екі жақ келісімі нығайған соң күйеу жағынан құдаларына бір білікті адамды бас етіп «өлі тірі» яғни кәделі мал жылқы жіберіледі. «Өлі тірі» деген өлі мен тірі арасында адалмыз, құдай қосқан құдалығымыз ақиқат» деген ұлттық ұлағатты ұғымды білдіреді. Бұл үлкен кәделі әрі маңызы жол жоралғы, құдалық бекіді деген сөз. «Өлі тірі өткен соң өлген күйеу жатпайды» деп бұдан кейін күйеу қалыңдығына «ұрын» баруына жол ашылады.

8. Жарыс қазан дегенді қалай түсінесің?

Жарыс қазан= екіқабат әйелдің қиналмай босануы үшін жасалатын ырым.

Ол үшін әдейі сақтап жүрген сүр етті асады. Осы ет піскенше әйел де жарыса тез босанады деген сенім қалыптасқан.[1]

Ай-күні жеткен жүкті әйел қатты толғатып, толғақ жилей бастағанда, сол ауылдағы пысық әйел отқа, ошаққа жарыс қазан асады да, қуырдақ қуыра бастайды. Жарыс қазан асудағы себеп қазанмен бірге толғақ жилейді, тамақтан бұрын бала туылады деп ырымдағаны. Егер әйел босана алмай одан ары қиналса, жарыс қазан асып отырған әйел қолына қара пышақты алып «қара қазан бұрын пісі мі, қара қатын бұрын туа ма?» деп, қолындағы пышақты қазанға жанып-жанып зіркілдейді. Қазақ мұны «жарыс қазан» деп атайды.

4-түр. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрін көрсету.

5 түр: «Дәм-думан». Аналардың аспаздық шеберлігін байқап көрейік.

Жүргізуші: Жарайсыздар ата-аналар. Бүгінгі сайыс өз қорытындысына келіп жетті.

Әділ-қазы алқалары өз шешімдерін шығарам дегенше ортаға «Біз бақытты баламыз» әнімен әнші қыздарымызды шақырамыз.

Сайыстың қорытынды шешімі.

Ата-аналарды мадақтау.

Жүргізуші:Құрметті аналар, қонақтар, балалар баршаңызды Халықаралық әйелдер күнімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыңызға амандық пен бақыт тілейміз. Жүзіңізден әрдайым шуақты көктемдей күлкі кетпесін. Бүгінгі сайысқа ат салысып қатысқандарыңызға алғысымызды білдіреміз. Сіздерге әрқашанда сәттілік тілей отырып, отбасыларыңызға береке, ынтымақ тілеймін. Балабақшамен жиі байланыста болыңыздар!

